

СЕМИОСФЕРА

Мәдениеттің семиотикалық механизмі хақында

3-тарау. Мәдениет және ақпарат





Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 18. Мәдениеттің семиотикалық механизмі хақында

Мәдениеттің анықтамасы өте көп. Егер біз бұл терминнің мағынасы мәдениеттің типіне байланысты екенін еске түсірсек, түрлі тарихи дәуірлерде және біздің заманымыздың түрлі ғалымдарының «мәдениет» ұғымын семантикалық жағынан толықтыруларындағы айырмашылықтарға бас қатырмаймыз, яғни әрбір тарихи кезеңдегі мәдениет белгілі бір, өзіне тән мәдени модель тудырады. Сондықтан да «мәдениет» терминінің семантикасын ғасырлар бойы салыстырмалы зерттеу – типологиялық құрылым жасау үшін игі материал. Сонымен бірге анықтамасының көптігіне, алуан түрлілігіне қарамастан, терминді кез келген жағынан талдасаң да, интуитивті түрде мәдениетке жатқызуға болатын, кейбір ортақ белгілерді бөліп шығаруға болады. Солардың тек екеуін ғана көрсете кетейік:

- Біріншіден, барлық анықтамалардың түп негізінде мәдениет нышан-белгілерге ие деген сенім жатыр. Бұл пікірдің жауыр болғанына қарамастан мазмұны мәнісін жоғалтпаған анықтама берілген, яғни мәдениет ешқашан әмбебап жиынтықты бола алмайды, тек белгілі бір қосалқы жиынтықты ғана бола алады деген пікір туындайды. Ол тек ерекше жағдайда ғана қоршаулы сфера жасайтындықтан, ешқашан барлығын тұтас қамти алмайды. Мәдениет мәдениетсіздіктің аясындағы тұйықталған аймақ ретінде түсінілетін жай ғана бір бөлшек. Қарама-қарсылықтың сипаты өзгеріп отырады, яғни беймәдениет белгілі бір дінге, білімге, өмір сүру типіне, мінез-құлық ерекшелігіне қатысы жоқ болуы мүмкін. Десекте мәдениет мұндай қарама-қарсылыққа әрдайым мұқтаж. Бұл ретте нақ сол мәдениеттің өзі таңбаланған оппозиция мүшесі ретінде ортаға шығуы орын алады.

- Екіншіден, мәдениеттің беймәдениеттен айырмашылықтарының сан түрлілігі, шын мәнінде, бір түйінге барып тіреледі: мәдениет беймәдениеттік аяға қарсы таңбалық жүйе тұрғысынан ерекшеленеді. Сондай-ақ, біз мәдениеттің «жасандылық», «шарттылық», адам тәжірибесін конденсирлеу сынды сипаттары жайлы сөз қозғаймыз және қандай жағдай болса да мәдениеттің таңбалық болмысының әртүрлі аспектілерімен ұшырасамыз.

Мәдениеттердің ауысуы мінез-құлық семиотикасының шапшаң өсуімен қабаттаса жүретіні айқын көрінеді, тіпті есімдер мен атаулардың ауысуы арқылы да көрініс тауып жатады, сәйкесінше ескі салт-жоралғылармен күресу де салтанаттан сипат алуда. Сонымен бірге тек мінез-құлық пен жүріс-тұрыс ережелерінің жаңа формаларының енуі ғана емес, ескі формалардың таңбалық тұрғыда күшеюі де мәдени типтің белгілі бір өзгерісін білдіре алады. Мысалы, Петрдің Ресейдегі ықпалы көбіне ескі салт-жоралғылар және символдармен күресуге әкеп соқты, ол құбылыс іс жүзінде жаңа таңбалардың жасалуы арқылы сипатталса, ал Павелдың әсері бұрыннан бар формалардың таңбалылық қасиетін, символикалық сипатын күшейту арқылы көрініс тапты. Келесі бір аса маңызды мәселе – мәдениеттің табиғи тілге қатынасы. Тарту университетінің алдыңғы басылымдарында мәдени құбылыстар тізбегі қосымша модельдеуші жүйелер ретінде анықталған болатын. Сол арқылы олардың табиғи тілге деген туынды қатынасы айқындалды. Біршама еңбектерде Сепир Уорф гипотезаларына сүйене отырып, тілдің адамзат мәдениетінің нысандарына әсері баса айтылып, терең зерттелді. Соңғы кездері Э. Бенвенист тек қана табиғи тілдер ғана метатілдік рөл атқара алатынын және сол тұрғыда адами қарым-қатынастар жүйесінде маңызды орынға ие екендігін көрсетуде. Бірақ, автордың осы мақалада басқа барлық мәдени модельдерді семантикалық – өзіндік ретті семиозисі жоқ және оны табиғи тілдер сферасынан алушы деп анықтап, тек табиғи тілдерді ғана өзіндік семиотикалық жүйе ретінде санауды ұсынуы ғалымдар арасында талас тудыруы әбден мүмкін. Модельдеуші жүйелердің бірінші және екіншілерінің қарама-қарсылығын толық ескере отырып, нақты-тарихи қолданыста тіл мен мәдениеттің бір-бірінен ажырағысыз екенін ерекше айтып өткеніміз орынды, яғни мәдениет контексіне дендеп бойламаған тілдің болуы мүмкін емес, сәйкесінше өзегінде табиғи тіл секілді құрылымы жоқ мәдениет те бола алмайды.

Ғылыми абстракция негізінде тілге оқшауланған құбылыс ретінде қарауға болады. Бірақ іс жүзінде қызметтік тұрғыдан тіл мәдениеттің кең ауқымды жүйесіне кірігіп кеткен, сонымен бірге күрделі бүтіндікті құрайды. Мәдениеттің негізгі «міндеті» – адамның қоршаған әлемін құрылымды түрде жүйелеу, біз де солай көрсетуге тырысамыз. Мәдениет – құрылымдылық генераторы, осылайша ол адамның айналасына өмір сүруге мүмкіндік жасайтын биосфера секілді, тек органикалық емес, қоғамдық сипаттағы сфера қалыптастырады. Сол міндетін атқару үшін мәдениет өз ішінде құрылымдық «таңбалағыш құрылғыға» ие болуы керек. Дәл



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 18. Мәдениеттің семиотикалық механизмі хақында

сол құрылғының қызметін табиғи тіл атқарады. Тіл ұжым мүшелерін құрылымдық түйсік сезігімен қамтамасыз етеді де, өзінің айқын жүйелілігімен, реалиялардың «ашық» әлемін «жабық» есімдер әлеміне түрлендіруі адамдарды құрылымдылығы анық емес тәртіптегі құбылыстардың мазмұны тұрғысынан түсіндіруге мәжбүрлейді. Сондай-ақ, көп жағдайда болмашы ғана, мағына тудырушы бастапқы кезең тура мағынасындағы құрылым бола ала ма? Оның құрылымдық қасиеттерге ие бола бастауы үшін қарым-қатынас мүшелерінің оны құрылым деп есептеп, құрылым ретінде қолдануы жеткілікті. Мәдени жүйенің өзегінде тіл секілді қуатты құрылым көзінің болуы қаншалықты маңызды екені түсінікті.

Тілдік қарым-қатынас дағдысының нәтижесінде қалыптасатын құрылымдылық презумпциясы барлық қарым-қатынас құралдар кешеніне орасан зор ұйымдастырушылық ықпал жасайды. Осылайша адам тәжірибесін сақтау және жеткізу жүйесі толығымен, өзегінде барынша анық әрі бірізді құрылымдары орналасқан, концентрлі жүйе ретінде құрылады. Құрылымы анықталмаған және дәлелсіз, бірақ таңбалық-қарым-қатынастық жағдаяттарға қосылған кезде құрылымдық қызмет атқаратын түзілімдер периферияға ең жақын орналасады. Мұндай бейне-құрылымдар адамзат мәдениетінде өте үлкен орынға ие. Сонымен қатар, белгілі бір ішкі ретсіздік, толық ұйымдаспағандық адамзат мәдениетіне өте ауқымды ішкі сыйымдылық пен серпінділік дарытады. Біз мәдениетті белгілі бір тыйымдар мен бұйрықтар жүйесі түрінде көрініс беретін, ұжымның мұрасыз жады ретінде түсінеміз.

Айтылған тұжырымдар бойынша мәдениет қоғамдық құбылыс екені анықталды. Жеке бірлік өзін ұжымның өкілі ретінде ұғынған жағдайда, яғни бір тұлға – белгілі бір уақытта не кеңістікте – ұжымның әртүрлі мүшелерінің қызметін атқарып, шын мәнісінде топ қалыптастыратын барлық автокоммуникациялық жағдайларда, бұл факт дербес мәдениеттің мүмкіндіктерін жоққа шығара алмайды. Дегенмен мәдениеттің дербестік жағдайы тарихи тұрғыда қайталанатыны сөзсіз. Мәселеге басқа тұсынан қарайтын болсақ, қарастырылып отырған материалға зерттеушілер тарапынан қойылатын шектеулерге байланысты, жалпыадамзаттық мәдениет туралы жалпылама сөз қозғауға, белгілі бір ареалдың не белгілі бір уақыттың, сайып келгенде, көлемі өзгеріп отыратын белгілі бір социумның мәдениетін айтуға болады.

Осылайша бағдарлама айналмалы жүйе ретінде ортаға шығады: бағдарламаны құрастырушының көзқарасы тұрғысынан – бағдарлама болашаққа бағытталған, ал тәртіпті жүзеге асыру тұрғысынан – мәдениет өткенге тиесілі. Осыдан келіп тәртіп бағдарламасы мен мәдениеттің арасындағы айырмашылық функционалды екені белгілі болады, яғни белгілі бір мәтін белгілі бір ұжымның тарихи ғұмырының жалпы жүйесіндегі қызметіне қарай ерекшеленіп, басқа бір мәтін бола алады. Жалпы айтқанда, мәдениетке ұжымның жады ретінде анықтама берілуі адамзаттың өмірлік тәжірибесін мәдениетке айналдыратын семиотикалық заңдылықтар мәселесін де қозғайды; осы соңғы айтылғандар өз кезегінде бағдарлама тұрғысынан түсіндіріледі. Мәдениеттің бар болуының өзі белгілі бір жүйенің, тікелей тәжірибені мәтінге ауыстыру ережелерінің құрылуын білдіреді. Бір тарихи оқиға белгілі бір ұяшыққа орналасуы үшін алдымен оның болып жатқаны, бар екені сезілуі тиіс, яғни оны еске сақтаушы құрылғы тілінде белгілі бір элементпен үйлестіру керек. Ары қарай ол сол тілдің барлық иерархиялық байланыстарына қатысты бағалануы тиіс. Дәлірек айтқанда, ол жазып алынады, яғни жад мәтінінің элементіне, мәдени элементке айналады. Осылайша, бір фактінің ұжымдық жадқа енгізілуі бір тілден екінші тілге, бұл жағдайда – «мәдениет тіліне», ауысу белгілерін көрсетеді.

Мәдениеттің ақпаратты ұйымдастыру және ұжымның жадына сақтау тетігі тұрғысынан төлсіпаттық мәселесі – ұзақ мерзімді. Бұл мәселе екі аспектіден тұрады:

1. Ұжымдық жад мәтіндерінің ұзақ мерзімділігі.
2. Ұжымдық жад кодының ұзақ мерзімділігі.

Кей жағдайда бұл екі аспекті бір-біріне тікелей сәйкес келмеуі мүмкін: әртектес ырымдарды кодын жоғалтқан көне мәдениет мәтінінің элементтері ретінде қарастыруға болады. Әрбір мәдениет өзінің өмір сүру ұзақтығы мен жад үздіксіздігінің өзіндік моделін жасайды. Ол модель сол мәдениеттің «мәңгілігін» қалыптастыра отырып, уақыт ұзақтығының максимумына сәйкестенеді. Мәдениет өзінің өмір сүріп жатқанын сезінгендіктен, өзін өзіндік жадтың тұрақты қағидаларымен теңдестіріп, әдетте жад үздіксіздігі мен өмір сүру үздіксіздігі үйлесім табады. Көптеген құрылымдар өздері қалыптастырған заңдардың өзектілеріне қатысты біршама



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 18. Мәдениеттің семиотикалық механизмі хақында

маңызды өзгерістердің орын алуына, дәлірек айтқанда, қандай да бір құндылықтардың қайта бағалануына мүлде мүмкіндік бермейді. Сол себепті, мәдениет көп жағдайда болашақ жайлы білімге икемсіз келеді. Болашақ тоқтап қалған уақыт не «қазіргінің» ұзарған түрі секілді сезіледі, яғни бұл өткенге бағытталумен, соған негізделумен тікелей байланысты, ал өткен шақ мәдениеттің өмір сүру шарттарының бірі болып саналатын тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Мәтіндердің ұзақ мерзімділігі мәдениет ішінде, әдетте, құндылықтар иерархиясымен теңесетін, иерархия құрады. Сол мәдениеттің көзқарасы мен өлшемдері тұрғысынан өте ұзақ мерзімді не панхронды мәтіндер аса құнды саналатын «жылжымалы» мәдени ауытқулар болуы мүмкін. Оған мәтіндер жазылатын материалдар иерархиясы және оларды сақтау тәсілі мен сақтайтын орындар иерархиясы сәйкес келуі мүмкін.

Кодтың ұзақ мерзімділігі оның негізгі құрылымдық тұрақтылығымен және ішкі динамизімімен – өзінің бұрынғы күйін жадында сақтай отырып, даралық сана-сезімін жоғалтпай өзгере білу қабілетімен анықталады. Мәдениетті ұжымның ұзақ мерзімді жады ретінде қарастыра отырып, оны толтырудың үш түрін бөліп көрсетуге болады:

1. Ғылым-білім өрісінің көлемді түрде ұлғаюы. Мәдениеттің иерархиялық жүйесінің әртүрлі ұяшықтарының түрлі мәтіндермен толығыуы.

2. Ұяшықтар құрылымындағы қайта үлестіру және оның нәтижесінде «есте сақталуы тиіс факт» ұғымы мен санада жазылғандардың құны қатар өзгереді. Кодтаушы жүйенің ұдайы қайта құрылып отыруы өз сана-сезімінде жеке қала отырып, өзін үздіксіз санау, жеке кодтарды тынбай қайта құрастырып отырады, осылайша «өзекті емес», бірақ өзекті болуға қауқарлы резервтер жасау арқылы жад көлемінің ұлғаюын қамтамасыз етеді.

3. Ұмытылу. Фактілер тізбегі мәтінге айналуы үшін үнемі іріктеліп отырады, яғни мәтін элементіне айналып жатқан бір оқиғаны бекітіп, теріс деп танылған басқаларын ұмыту. Осы тұрғыда әрбір мәтін тек есте сақталуға ғана емес, ұмытылуға да бейім.

Есте сақтауға жататын фактілерді іріктеу әрдайым сол мәдениеттің белгілі бір семиотикалық нормаларының негізінде жүзеге асатындықтан, қаншама «шынайы», «қарапайым», тікелей жеткізілген болса да, өмірдегі оқиға мен мәтіндегі кез келген оқиғаны бір деңгейде қабылдаудан алшақ болған жөн. Мәтін – шындық болмыс емес, шындық болмысты қайта қалпына келтіретін материал. Сондықтан да құжаттың семиотикалық талдауы тарихи талдаудың алдында жүруі керек. Шындық болмыстың қайта құру ережелерін мәтін бойынша жасап алған соң, зерттеуші мәтінді жасаушының көзқарасымен «факт» саналмайтын, ұмытылатын элементке жатқызылған, бірақ тарихшының көзінде мүлде басқаша бағалануы мүмкін нәрселерді оқып біле алады, себебі оның өз мәдени коды тұрғысынан маңызды болуы әбден мүмкін. Дегенмен естен шығу басқа да жолдармен жүзеге асады: мәдениет әрдайым белгілі бір мәтіндерді өзінен шығарып тастап отырады. Мәтіндерді жою, олардан ұжымдық жад резервтерін тазарту тарихы жаңа мәтіндердің жасалу тарихымен қатар жүреді. Өнердегі әрбір жаңа бағыт алдыңғы дәуірлер бағдар алған мәтіндерді беймәтінге, басқа деңгейдегі мәтінге айналдырып не физикалық түрде жоққа шығару арқылы, олардың беделділігін жояды. Мәдениет өз болмысымен ұмытылуға, естен шығуға қарсы бағытталған. Ол ұмытылғандарды жад тетіктерінің біріне айналдыра отырып, естен шығуды жеңеді. Осыдан келіп, ұжым жад көлеміндегі манағыдай бір мәтіннің екінші бір мәтінді ығыстыруына себеп болатын белгілі бір шектеулердің бар екенін болжауға болады. Бірақ басқаша жағдайларда бір мәтіннің жоқ болуы екінші мәтіннің бар болуының негізгі шарты, себебі екеуі семантикалық тұрғыда сыйымсыз. Жад элементі ретінде естен шығу мен оны жою тәсілдерінің арасында елеусіз ұқсастықтарына қарамастан, терең айырмашылықтар бар. Соңғы жағдайда мәдениеттің күйреуі сана-сезімі толысқан және тәжірибесі жинақталған бір бүтін ұжымдық тұлғаның күйреуі секілді.

Мәдениет саласындағы қоғамдық күрестің ең өткір формаларының бірі тарихи тәжірибенің кейбір аспектілерін міндеттеп ұмыттыру екенін есте ұстау керек. Тарихи регрес дәуірлері ұжымға тарихтың барынша мифтендірілген схемасын күштеп таңа отырып, өз жүйесіне сай емес мәтіндерді ұмытуды қоғамнан үзілді-кесілді талап етеді. Қоғамдық формациялар даму кезеңінде ұжымның жадына көптеген мүмкіндіктер беретін және оның кеңеюіне бейімделген икемді әрі динамикалы модель жасайды, ал әлеуметтік құлдырау, қағида бойынша, ұжымдық жад тетігінің қатаюымен және көлемін тарылту үрдісінің өрістеуімен жүреді. Мәдениет семио-



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 18. Мәдениеттің семиотикалық механизмі хақында

тикасының мәні мәдениеттің таңбалы жүйе ретінде қызмет етуінде ғана емес. Таңба мен таңбалылыққа деген көзқарастың өзі мәдениеттің негізгі типологиялық сипаттарының бірі екенін ескеру өте маңызды.

Ең алдымен сыртқы көрініс жеткізілім мен мазмұн ара қатынасының болуын еркін орын алатын құбылыс ретінде қарастыру маңызды. Сонымен қатар, бірінші жағдайда, «бұл құбылыс қалай аталады?» деген сұрақ қағидатты маңыздылыққа ие және тиісінше бұрыс атау басқа мазмұнмен теңдестірілуі мүмкін. Ортағасырлық кейбір ипостастардың атауға байланысты ізденістерін салыстырып көрелік, айтқандай, олар масондық салт-жоралғыларда ұшырасады және кейбір атаулардың айтылуына қатысты табулық тыйымдарды да түсіндіруге тура келеді. Екінші жағдайда атауға, жалпы сыртқы көрініске қатысты мәселелер айтарлықтай мәнге ие емес, бұл ретте айтылымның мазмұнға қатынасы қосымша және азды-көпті кездейсоқ фактор деп қарастырылса да жеткілікті. Сәйкесінше, сырт бейнеге басымдық беретін мәдениеттер мен мазмұнға басымдық беретін мәдениеттердің айырмашылықтары болуы мүмкін. Сырт бейнеге басымдық беру факторының өзі, жүріс-тұрыс, әрекет формаларының қатаң жоралғылануының бейне жоспары мен мазмұн жоспарының арасындағы өзара мәндес қатынастарды мойындаудың кәдімгі нәтижесі екені түсінікті, яғни олардың түбегейлі ажырауы не болмаса сыртқы көріністің мазмұнға ықпал ететіндігін мойындау. Бұл қатынастан: символ мен салт-жоралғы баршаға белгілі мағынасында антиподтар тұрғысынан қарастырылатынын байқауға болады: символ әдетте сыртқы – біршама ерікті – белгілі бір мазмұнның жеткізілуін ұйғарса, салт-жоралғы, керісінше, мазмұн құрастыра алушы, оған ықпал етуші ретінде түсініледі. Сырт бейнеге басымдық беретін, соған қарай бағытталған және дұрыс мағына-белгілерге негізделген мәдениет жағдайында, күллі әлем әртүрлі тәртіптегі таңбалардан тұратын, мазмұны әуелден белгілі, бір мәтін ретінде танылады. Ол мәтін-әлемнің тілін білсең, яғни сырт бейне мен мазмұн элементтерінің арақатынасын білсең болғаны, әлемді танып білу филологиялық талдаумен теңестіріледі. Сондай-ақ, типологиялық жағынан өзгеше – мазмұнға басымдық беретін мәдени модельдер жағдайында – мазмұнды таңдауда да, оның жеткізілуінде де еркіндік бар.

Мәдениет жалпы алғанда мәтіндердің жиынтығы деп берілуі мүмкін; бірақ ізденуші ретінде мәдениет мәтіндердің жиынтығын жасайтын тетік, ал мәтін болса мәдениеттің жүзеге асырылуы. Мәдениеттің типологиялық сипаттамасының ең маңызды ерекшелігі – оның осы мәселеде өзін-өзі бағалауы. Кейбір мәдениеттер өзін-өзі қалыптасқан мәтіндердің жиынтығы, ал кейбірі өздерін мәтіндерді тудырушы ережелер жүйесі деп қабылдайды. Дәлірек айтқанда, бірінші жағдайда ережелер прецеденттердің құны секілді болса, екіншісінде – прецедент өзіне сәйкес ережемен сипатталса ғана бар болып саналады. Анығында, сыртқы көрініске мән беретін мәдениеттер өздерін жүйелі мәтін деп білсе, мазмұнға мән беретін мәдениеттер өздерін ережелер жүйесі деп таниды. Бұл айтылған екі мәдени үлгі мәтіндердің сыртқы ұйымдасуын қоса алғанда өздеріне тән идеал – Кітаптар мен Оқулықтар тудырады. Егер оқулық ережелерге бағытталған болса, ол туындап келе жатқан механизмнің бейнесінде болады, ал мәтінге бағытталған жағдайда мазмұнның ерекше формасы пайда болады, нәтижесінде хрестоматия шығады.

Бұған дейін қалыптасқан ерекшеліктеріне байланысты мәдениет басқа бір мәдениетке не антимәдениетке қарсы қойыла алады. Егер мазмұнға басымдық беретін және өзін ережелер жүйесі деп білетін мәдениет жағдайында негізгі оппозиция «реттілік – ретсіздік» болса, ал сыртқы көрініс басымдық беретін және өзін қалыпты мәтіндер жиынтығы түрінде танытатын мәдениеттерде негізгі оппозицияның «дұрыс – бұрыс» қайшылығы болады. Соңғысында мәдениет хаосқа емес, терістеуші белгісі бар жүйеге қарсы қойылады. Басқаша айтқанда, антимәдениет мұндай жағдайда мәдениетке негізделіп, соған ұқсас құрылады: сонымен қатар ол өз жеткізілімі бар таңбалы жүйе тұрғысынан да түсініледі. Антимәдениет терістеуші таңбасы бар мәдениет ретінде, мәдениеттің айнадағы шағылысы секілді қабылданады. Осыған сәйкес, мәселе шегіне жеткен жағдайда – жеткізілімі мен байланыстары өзгеше – кез келген өзге мәдениет – өз мәдениеті тұрғысынан антимәдениет ретінде қабылданады.

Тиісінше, мазмұнға баса мән беріп, хаосқа қарсы қойылатын, негізгі оппозициясы «реттілік» пен «ретсіздік» саналатын мәдениет – әрқашанда өзін басқаларға таралуы тиіс белсенді бастаушы ретінде біледі, ал беймәдениетке өзінің потенциалды таралу аймағы деп қарайды. Бұған керісінше, жеткізілімге, сыртқы көрініске көбірек негізделген, «дұрыс» пен «бұрыс»



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 18. Мәдениеттің семиотикалық механизмі хақында

негізгі оппозициясы болып табылатын мәдениетте экспансияға талпыныс мүлдем болмайды, яғни мұндай шарт-жағдайдағы мәдениет өз шеңберінде шектеліп, өзіне қарсы келетін барлық нәрселерден тежеліп, жан-жағына өрістемей, өз-өзімен тұйықталып қалуы әбден мүмкін. Осы тұрғысынан беймәдениет антимәдениеттің баламасы және мәдениеттің потенциалды таралу аймағы ретінде санала алмайды. Мәдениеттің мұндай «толық құрылымсыздығы», біртұтас семиотикалық жүйе ретінде толық реттелмегендігі – оның кемшілігі емес, керісінше қалыпты әрекетінің шарт-жағдайы. Бұл жердегі мәселе әлемді мәдени игеру функциясының өзі оның жүйелілік сипат алуын білдіруінде. Кей жағдайда, мысалы, әлемді ғылыми түрде тану барысында нысанда жасырынған жүйені анықтау туралы әңгіме қозғалады. Ал басқа жағдайларда, мысалы, педагогика, миссионерлік, үгіт-насихат салаларында – жүйесіз нысанға жүйелі ұйымның қағидаларын жеткізу орын алады. Алайда бұл міндетті орындау үшін мәдениет – әсіресе мәдениеттің орталық кодтаушы құралы – кейбір міндетті қасиеттерге ие болуы тиіс. Олардың ішінде біз үшін маңызды екеуі бар:

1. Мәдениет жоғары дәрежедегі модельдеуші қабілетке ие болуы тиіс, яғни барынша кең ауқымда, көп мөлшерде әлі танылмаған нысандарды сипаттай алуы керек, – танушы модельдерге қойылатын ең оңтайлы талап осындай, – не оның көмегімен сипатталынбайтын нысандарды тіршілік етпейді деп жариялай алатын күш пен қабілетке ие болуы керек.

2. Мәдениеттің жүйелілігі оны аморфты жүйеге берілген құрал ретінде қолданатын ұжымдар тарапынан сезілуі керек. Сондықтан таңбалық жүйелердің автоматтандыру үрдісі әрқашанда мәдениеттің ішкі жауы, ол онымен үздіксіз күресіп отырады.

Жүйелілікті шегіне дейін жеткізуге үздіксіз талпыну мен содан туындайтын құрылымның ішкі автоматизмімен үздіксіз күресудің арасындағы қарама-қайшылық барлық өмір сүруші мәдениеттерге тән табиғи құбылыс.

Қарастырылып отырған мәселе бізді аса маңызды, бірінші кезектегі проблемаға алып келеді: неліктен адамзат мәдениетіне динамикалы жүйе тән? Кейбір анық оқшауланған және екінші дәрежелі жасанды тілдерді қоспағанда, адамзат мәдениетін қалыптастыратын семиотикалық жүйелер міндетті даму заңдылығына неліктен бағынышты? Жасанды тілдердің бар болу фактісі дамымайтын жүйелердің де бар екенін әрі белгілі бір дәрежеде сәтті қызмет етіп жатқанын дәлелдей түседі. Біртұтас әрі өз шеңберінде дамымайтын көшелік белгі беру тілі қалайша өмір сүре алады, ал неліктен табиғи тілдің міндетті түрде тарихы болуы керек және онсыз оның синхронды қызмет етуі мүмкін емес? Диахронияның бар болуының өзі семиотикалық жүйенің пайда болуына қажетті минимум шарттардың қатарына кірмеуімен қоса, зерттеушілерге теориялық жұмбақ пен практикалық қиындықтар тудыратыны анық.

Мәдениеттің семиотикалық компоненттерінің динамизмі адамзат қоғамының әлеуметтік өмірінің динамизмімен байланыста болуы тиіс. Бірақ сол байланыстың өзі жеткілікті шамада күрделі мәселе, өйткені: «Адамзат қоғамы неліктен динамикалы болуы тиіс?» деген сұрақ туындауы да әбден мүмкін. Адам басқа табиғатқа қарағанда анағұрлым қозғалмалы әлемге кірісіп қана қоймай, қозғалмалылық идеясына түбірімен басқаша қарайды. Егер барлық органикалық тіршілік иелері өздерін қоршаған ортасын тұрақтандыруға тырысса, олардың бар өзгергіштігі – өздерінің мүддесі ескерілмейтін қозғалмалы әлемде ешқандай өзгеріссіз сақталып қалуға талпыну, ал адам үшін – қоршаған ортасының қозғалмалылығы – өмір сүруіне қалыпты жағдай; ол үшін өзгермелі жағдайда өмір сүру, өмір салтының өзгеруі – қалыпты норма. Табиғат көзқарасымен қарағанда адамның бүлдіруші жан иесі болып көрінуі тегін емес. Бірақ адамзат қоғамын басқа тіршіліктен тек нақ мәдениет ғана ажырата алады. Динамизмнің – мәдениеттің ішкі құрылымына жат, бөтен бір себептерден туындайтын сыртқы қасиеті емес, керісінше, мәдениеттің ажырамас қасиеті екені осыдан белгілі болады.

Мәдениеттің көшкінділік қасиеті адамзатты ақпарат көлемі бірқалыпты шарт-жағдайда тіршілік ететін барлық тірі популяциялардан үстем етті. Бірақ бұл үрдістің көлеңкелі жағы да бар: мәдениет те өндіріс секілді, ресурстарды жалмап жұтып, қоршаған ортаны бұзады. Оның даму қарқыны әрдайым адамзаттың негізгі қажеттіліктерінен туындай бермейді – бұл ойынға ақпараттың жұмыс істеп тұрған тетіктерінің жеделденгіш өзгерістерінің ішкі логикасы араласады. Сонымен бірге бірқатар салаларда кейде мәдениет жаулап алған тұтас бір тармақтардың қоғамдық жады жүйесінен толықтай шығып қалуына алып келетін дағдарыстық



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 18. Мәдениеттің семиотикалық механизмі хақында

құбылыстар да орын алады. «Логостың өзін-өзі дамытуы» әрдайым жағымды бағаланып келген. Ал қазір, өзінің күрделілігімен және даму қарқынымен сол логосты басып-жаншып тастайтын тетіктің сөзсіз қалыптасатыны айқын көрінуде.

Мәдениеттің әлі де мол қоры бар екені даусыз. Бірақ олардың қолданылуы үшін оның ішкі тетігі туралы қазір біздің білетінімізге қарағанда анағұрлым анығырақ пайымдаулардың болуы қажет.

Айтып өткеніміздей, тіл оқшау қызмет ететін жүйе ретінде үйренілетін шеңбер аясында белгілі бір коммуникативтік қызмет атқарғанымен, мәдениеттің жүйесінде оған тағы бір басқа міндет таңылады: ол ұжымды қарым-қатынасқа бейімділік презумпциясымен қаруландырады. Тілдің құрылымы тілдік материалдан ажырайды, дербестікке ие болады және адамдардың қарым-қатынас жүйесінде тіл ретінде қызмет атқаратын құбылыстардың барлық өрістеу шеңберіне ауысып, сол арқылы мәдениеттің элементі болып қалыптасады.

Мәдениет аясының табалдырығын аттаған кез келген шындық таңба ретінде қызмет ете бастайды. Егер де ол әуел бастан таңбалық қасиетке ие болса, онда ол таңбаның таңбасына айналады. Тілдің презумпциясы аморфты материалға бет алып, оны тілге айналдырады, тілдік жүйеге бет алып, метатілдік құбылыс тудырады. Осылайша, XX ғасыр тек қана ғылыми метатілдерді ғана емес, метаәдебиет пен метакескіндемені де тудырды, метамәдениеттің ендігі міндеті – бәрін тегіс қамтитын екінші қатардағы метатілдік жүйені жасауға бағытталау. Ғылыми метатілдің сол ғылымның мәселелерін шешуге арналмағаны секілді, заманауи «метароман», «метакескіндеме» және «метакинематограф» бірінші қатардың тиісті құбылыстарына қарағанда логикалық тұрғыда басқа иерархиялық деңгейге орналасады да, басқа мақсаттарды көздейді. Олар бір қатарда қарастырылғанда, шынында логикалық тапсырмалар мен инженерлік есептер секілді оғаш көрінеді. Деңгейлер саны шексіз метатілдік құрылымдардың өздігімен еселенуі, қарым-қатынас аясына барлық жаңа нысандарды тарта отырып, мәдениеттің ақпараттық қорын қалыптастырады.